

9 ТАҚЫРЫП. ЖЕР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сұрақтары:

1. *Жер құқық бұзушылықтарының түсінігі, түрлері және құрамы.*
2. *Жер құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің түсінігі. Жер заңдарын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің түрлері.*
3. *Жер заңдарын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік. Жер заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік. Жер заңдарын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік. Жер заңдарын бұзғаны үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік. Жерге келтірілген залады өтеу. Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік көздейтін заңдарды жетілдіру мәселелері.*

1. Жер құқық бұзушылықтарының түсінігі, түрлері және құрамы

Жер құқық бұзушылық дегеніміз - жер құқықтық тәртіпті жер меншік иелерінің жер пайдаланушылардың құқығымен заңды мүдделерін заңсыз кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік арқылы бұзу.

Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартудың негізі - нақты құқық бұзушылықтың көрініс табуы.

Жер құқық бұзушылық ретінде тану үшін ол келесідей құрамға ие болуы керек:

1. Объектісі, жер меншік иелері мен жер пайдаланушылардың заңды мүдделері және құқықтық тәртібі.
2. Объективтік жағы, жер құқық бұзушылық негізі болған әрекет немесе әрекетсіздік.
3. Субъектісі, жеке және заңды тұлғалар.
4. Субъективтік жағы, кінәнің көрініс табуы. Кінәнің өзі екі нысанда жасалуы мүмкін: Қасақана және абайсыздық нысанда.

Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік келесі түрлері көзделген:

- әкімшілік;
- тәртіптік;
- қылмыстық;
- азаматтық.

Жер құқық бұзушылық жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершіліктің негізі болып табылады. *Жер құқық бұзушылық дегеніміз* – жер құқықтық тәртіпке және мемлекеттің жеке және заңды тұлғалардың құқықтарымен заңды мүдделеріне қайшы келетін кінәлі және заңсыз әрекет немесе әрекетсіздік.

Жер құқық бұзушылықтың келесі белгілерін қарастырамыз:

- қоғамға қауіптілігі;
- кінәлілігі;
- әрекет немесе әрекетсіздік және туындаған салдарының арасындағы тікелей себепті байланыс;
- жер заңдарына қайшылығы;
- жазаланушылық.

Жер заңдарын бұзушылықты мынадай түрге бөледі:

- 1) жерге меншік иесінің құқығын бұзу саласындағы құқық бұзушылықтар;
- 2) жер пайдаланушының жер жер пайдалану құқығын бұзу саласындағы құқық бұзушылықтар;
- 3) жердің экологиялық жағдайын бұзу саласындағы құқық бұзушылықтар;
- 4) жер учаскесі меншік иесінің және жер пайдаланушының жер заңдарында белгіленген міндеттемелерді орындамау саласындағы құқық бұзушылықтар;
- 5) жерді басқару саласындағы жер заңдарын бұзу саласындағы құқық бұзушылықтар.

Жердің экологиялық жағдайын бұзудың түрлеріне:

- 1) жердің (топырақтың) құнарлы қабатын бұзу жоғалту;
- 2) жердің құнарлы қабатын сыдырап алу;
- 3) жердің құнарлығына теріс әсер ететін мелиоративтік жұмыстар жүргізу;
- 4) жерде арамшөптер мен зиянды карантинді өсімдіктердің, бұталардың қаптап кетуіне жол беру;
- 5) су және жел эрозиясына қарсы агротехникалық шаралар қолданбау;
- 6) жердің құнарлығын арттыру агротехникалық шараларын қолданбау нәтижесінде жердің құнарлығының елеулі түрде төмендету;
- 7) топырақты (жерде) зиянды заттардың, зиянды микро-организмдердің және топырақты ластайтын басқа да биологиялық заттардың қолдануына нормативтік шегінен тыс жол берілуі;
- 8) жаңа және қайта жаңартылған үйлерді, құрылыстарды,ғимараттар мен басқа да объектілерді орналастыру,жобалау мен пайдалануға беру кезінде, жердің жай-күйіне қолайсыз ықпал ететін жаңа техника мен технологияларды енгізу кезінде жерді қорғау жөніндегі шаралар көзделуге және жүзеге асыруға, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де арнайы талаптардың (нормативтерді, нормалардың, ережелердің) орындалмауы;
- 9) нормативтен тыс радиациялық ластануға ұшырған немесе халықтың өмірі мен денсаулығына қандай да бір қатер төндіретін жер учаскелерін жеке меншікке тұрақты немесе уақытша беру;
- 10) заңдармен белгіленген санитарлық талаптарға және нормативтерге сәйкес өнім алу қамтамасыз етілмейтін радиоактивтік ластануға ұшырған жер учаскелерін ауыл шаруашылық айналымынан уағында шығармау;
- 11) жерді селден, көшкіннен, су астында қалудан, батпақтаудан, қайталап сортанданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан қорғау шараларын қолданбау т.б.

2. Жер құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің түсінігі. Жер заңдарын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің түрлері

Жер заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік құқықтық жауапкершілік.

Жер құқық бұзғаны үшін қолданылатын жауапкершіліктің кең тараған түрі және нақты жетілдірілген түрі **әкімшілік жауапкершілік**.

Жер құқық қатынастары аясында әкімшілік жауапкершілік келесідей артықшылықтарға ие:

1. Қолдану процедурасының салыстырмалы түрде оңай болуы.

2. Әкімшілік теріс қылыққа жедел әсер етуі.
3. Қажетті деңгейдегі шығын орнын толтыру функциясының көрініс табуы.
4. Құқыққа қарсы әрекет зардаптардың туындауын күтпей-ақ құқық бұзушылықты алдын алу мүмкіндігі.
5. Теріс қылықпен нақты жаза арасындағы уақыттың салыстымалы қысқа болуы.

Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жер құқық бұзушылық құрамына келесідей диспозициялар бар:

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 250-бабы (жерді бүлдіру). Бұл бап бойынша жерді бүлдіргені үшін жеке тұлғаларға бес айлық есептік көрсеткіштен он айлық есептік көрсеткішке дейін, лауазымды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шағын және орта бизнестің субъектісі болып табылатын заңды тұлғалар үшін жиырма айлық есептік көрсеткіштен қырық айлық есептік көрсеткішке дейін, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірілген шығын көлемінде айыппұл салынады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 251-бабы (ауыл шаруашылық мақсатындағы жерді тиімсіз пайдалану). Бұл бап бойынша жерді бүлдіргені үшін жеке тұлғаларға он айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл немесе ескерту жасалады, лауазымды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шағын және орта бизнестің субъектісі болып табылатын заңды тұлғалар үшін жиырма айлық есептік көрсеткіштен қырық айлық есептік көрсеткішке дейін, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қоршаған ортаға келтірілген шығын көлемінде айыппұл салынады.

3. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 252-257 баптары.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі қолдану шаралары бұл айып пұл және ескерту жасау.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді келесі органдар қарайды:

1. Соттар;
2. Ауыл шаруашылық министрлігі жанындағы өсімдік немесе карантин жөнінде мемлекеттік инспекция;
3. Жер ресурстарын басқару агенттілігі және жергілікті бөлімшелері;
4. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және жергілікті бөлімшелері.

Қылмыстық құқықтық жауапкершілік. Қылмыстық жауапкершілік мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді. Адам қылмыстық жауаптылыққа істеген іс-әрекеттерінде қылмыстық заңда көрсетілген нақтылы бір қылмыстың құрамы болған жағдайда ғана тартылады. Қылмыстық жауапкершілік бұл қылмыстық құқылық норманы бұзудың нәтижесі, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі болып табылады. Қылмыс істелмесе, қылмыстық жауаптылық та болмайды.

Қылмыстық жауаптылық - өзінің нысаны, мазмұны жағынан мемлекеттік күштеу мәселені бар жауаптылықтың түрі болып табылады. Қылмыстық

жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнының өзі сол субъектіге қылмыстық жауаптылық жүктей отырып, мемлекет оның істеген қылмысын мінеп, оған заңдылық баға береді.

Қылмыстық жауаптылықтың мазмұны (теріс қылыққа моральдық саяси баға беріп мінеу және мемлекет, қоғам тарапынан) және заңдылық (қылмыс істеген адамға қолданылатын мемлекеттік күштеу шаралары).

Жер құқық бұзушылықты қылмыстық құқықтық жауапкершілік қоғамға қауіпті қылмыс белгілерін қамтитын іс-әрекет орын алғанда көрініс табады.

Жер қатынастарын реттеу саласында бекітілген құқықтық тәртіпке жер қатынастарының субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қылмыс арқылы бір мөлшерде зиян келтіріледі немесе зиян келтірілуі мүмкін.

Қылмыстық жауаптылыққа тартылатын әрекет жер қатынастар аясына бір мезгілде жер немесе қылмыстық заң нормаларын бұзады.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылу үшін қылмыстық құрал болу керек.

Тәртіптік құқықтық жауапкершілік.

Аталған жауапкершілікке тек қана жеке тұлғалар тартылады. Оның қолдануы негізі болып тәртіптік теріс қылық болып табылады.

Басқа жауапкершіліктерден ерекшелігі:

1. Тәртіптік жауапкершілік тек жеке тұлғаларға қатысты қолданылады.
2. Тәртіптік жауапкершілік өзге заңды жауапкершілік түрлерімен қатар қолданылады.
3. Тәртіптік жауапкершілік жұмыскердің жұмыс уақыты кезінде жасалған теріс қылық үшін қолданылады. Яғни, жұмыскердің жұмыстын тыс уақытта немесе демалыс уақытында жасалған теріс қылықтары үшін өзге жауапкершілік түрлері қолданылады.
4. Субъектісі тек қана жұмыс істеп жүрген жұмысшы.
5. Тәртіптік жауапкершілік жер заңдарының нормаларына байланысты тәртіптерді орындауға міндетті жұмысшылар мен қызметкерлерге қолданылады.
6. Тәртіптік жауапкершілікте жұмыс істеп жүрген уақтысында жауапкершілік заңдарын бұзғаны үшін қолданылады.
7. Тек қана ұйым әкімшілігін басқару органы қолданылады.
8. Тәртіптік жауапкершілік мүліктік жауапкершілікпен қатар қолданылуы мүмкін.
9. Тәртіптік жауапкершілік ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан шығару сияқты жазалау шараларын қолданумен ерекшеленеді.
10. Тәртіптік жауапкершілікке тарту Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексімен және белгілі бір ұйымның жарғысына сәйкес жасалған ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

Азаматтық құқықтық жауапкершілік. Азаматтық жауапкершілік Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамалары нормаларымен реттеледі. Бұл жауапкершілік жер заңдарын бұза отырып мемлекеттің мүддесіне, қоршаған ортаға, жердің меншік иесіне, басқа да жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян (шығындар) келтірілген

кезде қолданылады. Азаматтық құқықтық жауапкершілік келесідей ерекшеліктері бар:

1. Бұл жауапкершілік жеке және заңды тұлғалар тартылуы мүмкін.

2. Бұл жауапкершілік басқа заңдылық жауапкершілік түрлерімен қатар қолдануы мүмкін: Мысалы, заңсыз бөтен жерді басып алған тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылады және зардап келтірілген жағдайда оны өтеуге де міндетті.

3. Шығындарды зиянды өтеу туралы тек сот органы арқылы шешіледі.

Жер заңдарын бұза отырып жасалған зиянның әртүрлі түрлері болуы мүмкін. Бұл зиян бірнеше топтарға бөлінеді:

1. Экологиялық зиян.

2. Экономикалық зиян.

Экологиялық зиян дегеніміз - жер заңдарын бұзу арқылы қошаған ортаға жерге табиғат объектісі ретінде зардап келтірілгенін білдіреді. Бұл зиян Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес өтеледі. Бұл зиянды толық түрде өтеуге мүмкіндік жоқ, себебі келтірілген зиянды нақты бағалау мүмкін емес. Экологиялық зиянды өтеуің екі әдісі бар: тікелей және жанама түрі. Залалды экономикалық бағалаудың тура әдісі неғұрлым тиімді инженерлік, ұйымдық-техникалық және технологиялық іс-шаралар арқылы қоршаған ортаны қалпына келтіруге, жұтандаған табиғи ресурстардың орнын толтыруға, тірі организмдерді сауықтыруға қажетті нақты шығындарды анықтаудан тұрады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары бірінші кезекте қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаның қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады.

Қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі тиісті міндеттемелер қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаның нақты іс-шаралар және оларды жүргізу мерзімі көрсетілген кепілдік хатында жазылады. Залалдың салдарларын жою жөніндегі шаралардың құны олардың нарықтық құны бойынша айқындалады.

Залалды тура әдіспен экономикалық бағалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары тәуелсіз сарапшыларды тарта алады. Сарапшылар ретінде экологиялық аудиторлар, жобалау, инженерлік және ғылыми ұйымдардың мамандары қатыса алады.

Тәуелсіз сарапшылар жұмысына ақы төлеу жөніндегі міндет қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаға жүктеледі.

Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі залалды экономикалық бағалаудың тура әдісін қолдану мүмкін болмайтын жағдайларда қолданылады. Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі қоршаған ортаға әсер ету түрлеріне қарай залалды әрбір ингредиент бойынша жинақтау жолымен айқындалады.

Экономикалық зиян дегеніміз - жер меншік иелерінің жер пайдаланушылардың мемлекет өзіне материалдық жағынан келтірілген

шығындар болып табылады. Бұл шығындарды өтеу толық мөлшерде жүзеге асырылады және басшылыққа Азаматтық кодексінің нормалары алынады.

Жер заңдары бұзушылығы моральдық зиянды келтіруі мүмкін. Оны өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен реттеледі.

Бақылау сұрақтары

1. Жерді құқықтық қорғаудың түсінігі.
2. Жер құқық бұзушылықтарының түсінігі, түрлері және құрамы.
3. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді қорғаудың басымдылығы.
4. Жерді қорғаудың мемлекеттік құқықтық шаралары.
5. Жерді құқықтық қорғаудың экологиялық мәні.
6. Жер құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің түсінігі.
7. Жер құқық бұзушылықтарының себептері және орын алу шарттары. Жер заңдарын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің түрлері.
8. Жер заңдарын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік. Жер заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
9. Жер заңдарын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік.
10. Жер заңдарын бұзғаны үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік. Жерге келтірілген зиянды өтеу.
11. Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік көздейтін заңдарды жетілдіру мәселелері.

Әдебиеттер

1. Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан. – Алматы: БОРКИ, 1997. – 295 с.
2. Бектұрғанов Ә.Е. Қазақстан Республикасындағы жер құқық қатынастары. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 240 б.
3. Стамқұлов А.С. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. – Алматы: Заң әдебиеті баспасы, – 2005.
4. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан. Общая часть Учебное пособие - Алматы. 2001.
5. Абдраимов Б.Ж., Боголюбов С.А. Земельное право России и Казахстана: проблемы развития, процессуальные формы реализации. - М.: Юристь, 2007. - 454 с.
6. Абдраимов Б., Жарылқасын Е. Возмещение экологического вреда по законодательству Республики Казахстан. - Алматы: Юрист, 2001. - 129 с.
7. Батырбаев Н.М. Қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғаудың құқықтық негіздері: Заң ғыл. канд. дис. автореф. - Алматы, 2003. - 26 б.
8. Байдельдинов Д.Л. Юридическая ответственность за экологические правонарушения. – Алматы: Жеті Жарғы, 1993. – 205 с.
9. Колбасов О.С. Возмещение гражданам экологического вреда // Государство и право. – 1994. – №10. – С. 107.

